

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау агенттігі**

**Стратегия және талдау департаменті**

**2010 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының банк  
конгломераттарының ағымдағы жағдайы кесте және график  
түрінде\***

Көлемі: 5 бет

Кесте саны: 6

График саны: 4

Мерзімділігі: жаңартулар тоқсан сайын

\* банк конгломераттарының шоғырландырылған есептілігі негізінде құрастырылған

**2010 жыл**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАНК КОНГЛОМЕРАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Банк конгломераттарының құрылымы

Банк конгломераттарының құрылымы	01.10.09	01.01.10
Банк конгломераттарының саны	15	16
Конгломератқа қатысушылар саны, оның ішінде:	160	148
Банктердің саны		
– резиденттер	16	17
– резиденттер емес	19	18
Сақтандыру ұйымдарының саны	16	15
Қызметін бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыратын ұйымдардың саны	16	14
Жинақтаушы зейнетақы қорларының саны	8	8
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың саны	2	2
Қаржы институтына жатпайтын ұйымдардың саны	62	56
Бағалы қағаздарды орналастыратын және секьюритилендіретін Қазақстан Республикасының резиденттері емес арнайы ұйымдардың саны	21	18

Есепті кезеңде мынадай өзгерістер болды: «Nova-Лизинг» АҚ банк конгломераты қосылды.

## БАНК КОНГЛОМЕРАТТАРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

2-кесте. Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіш атауы	01.10.09		01.01.10		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Ақшалай қаражат және оның эквиваленті	1 411,44	11,9	1 279,17	11,8	- 9,4
Бағалы қағаздар портфелі	1 530,87	12,9	1 518,19	14,0	- 0,8
Берілген заемдар	7 849,81	66,0	7 129,48	65,7	- 9,2
Өзге активтер	1 109,73	9,3	925,42	8,5	- 16,6
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>11 901,86</b>	<b>100,0</b>	<b>10 852,27</b>	<b>100,0</b>	<b>- 8,8</b>

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша Қазақстанда 16 банк конгломераттары жұмыс жасауда. Банк конгломераттарының активтері есепті кезеңде 1 049,6 млрд. теңгеге немесе 8,8% азайып, 10 852,3 млрд. теңгені құрады. Бағалы қағаздар портфелі 12,7 млрд. теңгеге немесе 0,8% азайды, берілген заемдар 720,3 млрд. теңгеге немесе 9,2% азайды (негізінде «БТА Банкі» АҚ есебінен), бұл ретте өзге активтер 184,3 млрд. теңгеге немесе 16,6% азайды.

3 ірі банк конгломераттарының<sup>1</sup> активтері есеп беру күніне сәйкес 6 589,6 млрд. теңгені немесе банк конгломераттар жиынтық активтерінің 60,7% құрады. Сонымен бірге, көрсетілген конгломераттарда жиынтық несие портфелінің 62,9% және жиынтық бағалы қағаздар портфелінің 65,9% шоғырландырылған.


<sup>1</sup> 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ең ірі банк конгломераттары (актив бойынша):

«Орталық Азия инвестициялық компаниясы» АҚ, активтері 2 588 млрд. теңге;


«АЛМЭКС» Холдинг тобы» АҚ, активтері 2 032,9 млрд. теңге;

«БТА Банкі» АҚ, активтері 1 968,7 млрд. теңге.

1-график. Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы



2-график. Банк конгломераттары активтерінің динамикасы



## БАНК КОНГЛОМЕРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ


3-кесте. Банк конгломераттары жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Көрсеткіш атауы	01.10.09		01.01.10		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Клиенттер қаражаты	5 712,29	45,1	5 404,14	44,9	- 5,4
Шығарылған бағалы қағаздар	3 983,09	31,5	3 419,33	28,4	- 14,2
Алынған заемдар	2 012,26	15,9	2 416,11	20,1	20,1
Өзге міндеттемелер	946,32	7,5	805,90	6,7	- 14,8
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>12 653,96</b>	<b>100,0</b>	<b>12 045,48</b>	<b>100,0</b>	<b>- 4,8</b>

Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері 608,7 млрд. теңгеге немесе 4,8% азайды. Жиынтық міндеттемелерінің құрылымында клиенттер қаражаты 308,1 млрд. теңгеге немесе 5,4% азайды (негізінде «БТА Банкі» АҚ есебінен). Банк конгломераттарының қатысушылармен шығарылған бағалы қағаздар 563,8 млрд. теңгеге немесе 14,2% азайды (негізінен «Орталық Азия инвестициялық компаниясы» АҚ, «БТА Банкі» АҚ және «Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ есебінен); басқа ұйымдардан алынған заемдар 403,9 млрд. теңгеге немесе 20,1% көбейді (негізінде «БТА Банкі» АҚ есебінен).

3 ірі банк конгломераттарының міндеттемелері есеп беру күніне 7 595,2 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелерінің 63,1% болып шықты. Сонымен, бұл конгломераттар үлесіне клиенттердің жиынтық қаражатының 59,3%; шығарылған бағалы қағаздардың 70,1%; алынған заемдардың 61,8% келеді.

3-график. Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы



## БАНК КОНГЛОМЕРАТТАРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ


4-кесте. Банк конгломераттары меншікті капиталының құрылымы

Көрсеткіш атауы	01.10.09		01.01.10		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Жарғылық капитал	862,26	- 114,6	874,20	- 73,3	1,4
Бөлінбеген пайда	- 2 058,85	273,7	- 2 445,54	205,0	18,8
Өзге капитал	444,48	- 59,1	378,12	- 31,7	- 14,9
<b>Меншікті капитал, барлығы</b>	<b>- 752,11</b>	<b>100,0</b>	<b>- 1 193,22</b>	<b>100,0</b>	<b>58,7</b>

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталы есепті тоқсанда 441,1 млрд. теңгеге азайып, 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша -1 193,2 млрд. теңге болды. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес жағымсыз меншікті капиталдар «БТА Банкі» АҚ, «Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ және «Астана-финанс» АҚ банк конгломераттарында қалыптасқан (-2 291,5 млрд. теңге).

«БТА Банкі» АҚ, «Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ, «Астана-финанс» АҚ қоспағанда банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталы есеп беру күніне 1 098,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде бөлінбеген пайда 314,7 млрд. теңге болып табылады.

4-график. Банк конгломераттарының меншікті капиталы



5-кесте. Банк конгломераттарының капитал жеткіліктілігі<sup>1</sup>

Банк конгломератының аталуы	01.10.09	01.01.10
«Орталық Азия инвестициялық компаниясы» АҚ	0,13	0,14
«АЛМЭКС» Холдинг тобы» АҚ	0,18	0,20
«БТА Банкі» АҚ	-0,34	-0,35
«Банк ЦентрКредит» АҚ	0,19	0,19
«АТФБанк» АҚ	0,15	0,21
«Еуразиялық қаржы компаниясы» АҚ	0,27	0,24
«Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ	-0,42	-0,41
«Kaspi bank» АҚ	0,14	0,14
«Нұрбанк» АҚ	0,16	0,17
«Цесна» Корпорациясы» АҚ	0,17	0,15
«Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ	0,42	0,47
«Астана-финанс» АҚ	-0,31	-0,60
«Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ	0,76	0,75
«AsiaCredit Bank» АҚ	0,87	0,90
«Первый Пивзавод» ЖШС	0,77	0,77
«Nova-Лизинг» АҚ	-	0,61

6-кесте. Банк конгломераттарының бір қарыз алушы тәуекелдігінің ең жоғары мөлшері

Банк конгломератының аталуы	Бір қарыз алушы тәуекелдігінің ең жоғары мөлшері (%)		
	К ≤25%	К ≤10%	К ≤800%
«Орталық Азия инвестициялық компаниясы» АҚ	21,39	0,09	137,84
«АЛМЭКС» Холдинг тобы» АҚ	12,94	7,07	65,68
«БТА Банкі» АҚ	бұзылды	бұзылды	бұзылды
«Банк ЦентрКредит» АҚ	12,20	4,45	11,11
«АТФБанк» АҚ	22,31	4,66	122,87
«Еуразиялық қаржы компаниясы» АҚ	11,99	4,15	109,77
«Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ	бұзылды	бұзылды	бұзылды
«Kaspi bank» АҚ	23,30	1,89	196,90
«Нұрбанк» АҚ	22,64	1,07	182,00
«Цесна» Корпорациясы» АҚ	16,13	5,13	16,13
«Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ	5,11	0,39	-
«Астана-финанс» АҚ	бұзылды	бұзылды	бұзылды
«Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ	4,88	0,05	-
«AsiaCredit Bank» АҚ	10,40	4,60	10,40
«Первый Пивзавод» ЖШС	4,61	2,50	-
«Nova-Лизинг» АҚ	22,60	-	45,16

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша пруденциялық нормативті 13 банк конгломераты орындап отыр.

Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін барлық банк конгломераттары орындап отыр. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті «БТА Банкі» АҚ (-0,35), «Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ (-0,41) және «Астана-финанс» АҚ (-0,6) банк конгломераттарымен сақталмай отыр. Жоғарыда көрсетілген конгломераттарда жағымсыз меншікті капиталға байланысты бір қарыз алушы тәуекелдігінің ең жоғары мөлшері орындалмай отыр.

Ескертпе: «Сеймар Альянс» қаржы корпорациясы» АҚ-ның акциялары мәжбүрлі түрде сатып алынуына байланысты, банк конгломератының есептері 2009 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша құрастырылды.

<sup>1</sup> Банк конгломераттарының меншікті капиталы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің қаржы ұйымдары меншікті капиталының есебіне қатысты талаптарын ескере отырып шығарылады.